

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 3 (128)/2019

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019
Nur-Sultan, 2019
Нур-Султан, 2019

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31432)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A. M.	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kazhgaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М.	к.п.н., доцент (Казахстан)
Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажгалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD Казахстан
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., доцент (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалгынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Жоғары мектепте тіл мамандықтары мұғалімдерін оқу-тәрбие үдерісінде өзара іс-әрекет етуге психологиялық-педагогикалық даярлау	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймағамбетова Р.Х.</i> Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы: қазақстандық аспект	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Медиабілім мазмұнын қалыптастыру шарттары	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзетуге арналған бағдарламалық жасақтама әзірлеу	32
<i>Жиентаева Б.Ж.</i> Ересектерге қосымша білім берудің ерекшеліктері	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманқұлова П.Ж.</i> Педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға даярлау мәселелері	49
<i>Қударова Н.А., Тулекова Г.М.</i> Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің амалдары мен жолдары	55
<i>Қунтубаева Д.К.</i> Инновациялық білім берудегі оқыту технологияларының маңызы	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы білім берудің заманауи үрдістері	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Білім беру жүйесі менеджерлерін даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	76
<i>Сламбекова Т.С., Жұмыкбаева А.К.</i> Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі	84
<i>Уайханова М. Ә.</i> Мектеп оқулығы мазмұнының мәдениеттанулық үлгісі	90
<i>Чункенова С.С.</i> Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы	100
<i>Туякова Ұ.Ж., Шалғынбаева Қ.Қ.</i> Эмоциялардың психологиялық теорияларының эмоционалдық интеллектіге негіз болу мәселелері	105

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Эмоционалды интеллект түсінігі және оны зерттеудегі бағыттар	118
<i>Ерментәева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Студенттік кезеңдегі тұлғалық даму	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Психологиялық құзіреттілік феноменологиясын зерттеудің теориялық мәселелері	133
<i>Карибаева Г.М., Қонысова А.Ж.</i> Әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері	140
<i>Карибаева Г.М., Тоқтарбай Г.Ә.</i> Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық ерекшеліктері	148

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Қазақстандағы зомбылық экстремизмінің алдын алудың саяси-басқарушылық аспектілері	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Қазақ әйелінің сәйкестігі: әлеуметтік мәртебесі мен ұлттық бас киімі	164

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abishev N.A., Kabylova M.S.</i> Psychological and pedagogical training in higher educational institution of teachers of language specialties for communication in teaching and educational process	8
<i>Assylbekova M. P., Abibulayeva A.B., Aimagambetova R.H.</i> Prevention of social orphanhood: Kazakhstan case study	15
<i>Berezhnova E.V., Abdirkenova A.K.</i> The conditions of formation of content of media education	25
<i>Zhantasova Zh.Z., Tlebaldinova A.S., Nugumanova A.B., Zhurtpayeva A.A., Kaydarova M.A.</i> Correction software development different sides of speech and writing in children	32
<i>Zhiyentayeva B. Sh.</i> Features of Adult Education	42
<i>Zholdasbekova S.A., Parmankulova P. Zh.</i> Problems of training teachers for work in conditions of inclusive education	49
<i>Kudarova N.A., Tulekova G.M.</i> Ways and means of leadership development among students of higher educational institutions on the basis of national character	55
<i>Kuntubaeva D.K.</i> The role of educational technology in innovative education	64
<i>Orazalieva R.B.</i> Modern educational trends in the conditions of independent Kazakhstan	70
<i>Rakhymberdiyeva A.V.</i> Scientific and methodological support of training managers of the education system	76
<i>Slambekova T.S., Zhumykbayeva A.K.</i> Compliance of independent assessment in the system of professional development of teachers with international standards	84
<i>Uaikhanova M. A.</i> The culturological model of the school text-book content	90
<i>Chunkenova S.S.</i> Teacher's personality in the new education system	100
<i>Tuyakova U. Z., Shalgynbayeva K.K.</i> Psychological theory of emotion is the basis of emotional intelligence	105

PSYCHOLOGY

<i>Adilzhanova K.S.</i> The concept of emotional intelligence and directions in its research	118
<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Mailybayeva Zh. C.</i> Development of personality in the student age	125
<i>Oryngalieva Sh.O.</i> Theoretical problems of research of phenomenology of psychological competence	133
<i>Karibayeva G.M., Konysova A.Zh.</i> Features of the psychological adaptation of young specialists in military service to professional activity	140
<i>Karibaeva G. M., Toktarbai G. A.</i> Psychological characteristics of aggressive behavior in preschool children	148

SOCIOLOGY

<i>Beissembayev S.N.</i> Public policy aspects of prevention of extremism in Kazakhstan	155
<i>Karimova G.K., Seidumanov S.T.</i> Identity of Kazakh woman: social status and national headwear	164

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Психолого-педагогическая подготовка учителей языковых специальностей в вузе к взаимодействию в учебно-воспитательном процессе	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймагамбетова Р.Х.</i> Профилактика социального сиротства: казахстанский аспект	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Условия формирования содержания медиаобразования	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Разработка программного обеспечения по коррекции разных сторон устной и письменной речи у детей	32
<i>Жиентаева Б. Ж.</i> Особенности дополнительного образования взрослых	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманкулова П.Ж.</i> Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования	49
<i>Кударова Н. А., Тулекова Г. М.</i> Пути и способы развития лидерских качеств у студентов высших учебных заведений на основе национального характера	55
<i>Кунтубаева Д. К.</i> Роль образовательных технологий в инновационном образовании	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Современные тенденции образования в условиях независимого Казахстана	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Научно-методическое обеспечение подготовки менеджеров системы образования	76
<i>Сламбекова Т.С., Жумыкбаева А.К.</i> Соответствие независимого оценивания в системе повышения квалификации педагогических кадров международным стандартам	84
<i>Уайханова М. А.</i> Культурологическая модель содержания школьного учебника	90
<i>Чункенова С.С.</i> Личность учителя в новой системе образования	100
<i>Туякова У.Ж., Шалғынбаева К.К.</i> Проблемы психологических теорий эмоции как основы эмоционального интеллекта	105

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адильжанова К.С.</i> Понятие эмоционального интеллекта и направления его исследования	118
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Развитие личности в студенческом возрасте	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Теоретические проблемы исследования феноменологии психологической компетенции	133
<i>Карибаева Г.М., Конысова А.Ж.</i> Особенности психологической адаптации молодых специалистов на военной службе к профессиональной деятельности	140
<i>Г.М. Карибаева, Г.А. Токтарбай.</i> Психологические особенности возникновения агрессивного поведения у детей дошкольного возраста	148

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Политико-управленческие аспекты профилактики экстремизма в Казахстане	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Идентичность казахской женщины: социальный статус и национальный головной убор	164

XFTAP 15.21.45

А.Р. Ерментаева, Ж.Қ. Аубакирова, Ж.С. Майлыбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: erasem@mail.ru, janat-anar@mail.ru)*

Студенттік кезеңдегі тұлғалық даму

Аңдатпа. Мақалада студенттік кезеңдегі тұлғалық дамуының ерекшеліктері қарастырылады. Тұлғалық дамудың психология ғылымдарындағы анықтамалары мен мән-мағынасы, әдіснамалық негіздері мен теориялары, көрсеткіштері мен өлшемдері анықталып, мазмұндалды. Студенттердің психологиялық дамуының басты шарты – тұлғалық іс-әрекеттің маңызы мен мазмұны, құрылымы мен сипаты, психологиялық заңдылықтары мен механизмдері талданды. Мақалада тұлғаның теориялық негізі, мәні, сонымен қатар тұлғалық дамуға әсерін қарайды. Психолог-педагогтардың әдебиеттеріне талдау жасалды.

Студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты тұлғалық, когнитивтік, аффектік даму салалары қарастырылды. Сонымен қатар олардың басты шарты болатын оқу-кәсіби іс-әрекеттің анықталынуы, құрылымдары мен өзгешеліктері туралы білімдерді біртұтас жүйе ретінде сипатталды.

Аталмыш мақалада студенттердің тұлғалық даярлығы олардың оқу-кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруының, жетілдіруінің, психикалық және тұлғалық дамуының негізі ретінде тұжырымдалды.

Түйін сөздер: студенттік шақ, тұлға, сензитивті кезең, биогенетика, социогенетика, психогенетика.

DOI: [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-125-132](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-125-132)

Бүгінгі таңда тұлға - психологиядағы ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы тұлғаны дамытуға жоғарғы талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде - жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті адам болып дамуына олардың тұлғалық дамуының ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан да тұлғаның теориялық зерттеулеріне, жалпы ұғымына сарапталған талдауларға зер салайық.

Б.Г. Ананьевтің зерттеуі бойынша студенттік шақ негізгі адамның әлеуметтік маңызды дамитын сензитивті кезеңі деп тұжырымдайды. А.Р. Ерментаева, Х.Т. Шерьяданова, С.М. Жақыпов, С.И. Самыгин, Л.Д. Столяренко, В.Е. Столяренко [1, 15 б.] еңбектерінде жоғары білім алу адамның психикасының және тұлғалық дамуына зор әсерін тигізетіндігі дәйектелген.

Студенттік жас кезеңі жасөспірімдік шақпен сәйкес келеді. Сондықтан жасөспірім шақтағы тұлғалық дамудың психологиялық ерекшеліктеріне тоқталайық.

Жасөспірімшақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді, өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орнын табуға тырысады.

Қазіргі кезде жасөспірімдік кезеңдегі зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Мұндай зерттеулердің ішінде жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктеріне қатысты еңбектер ерекше орын алады. Л.С. Выготский, Э. Эриксон, Р.С. Немов [2, 26 б.] және т.б. ғалымдардың зерттеуі бойынша жасөспірім кезеңіне қатысты психологияда біршама жалпы теория қарастырылған. Жасөспірім кезеңі 15-16, 21-25 жас аралыққа дейінгі жас мөлшерін қамтитындығы анықталған. Бұл кезең де жасөспірім сенімсіздік пен жүйесіздік кезеңінен шынайы ержету шағына өтеді. Осы кезеңде жасөспірімде өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болатындығы тұжырымдалған.

Ерте жасөспірімдік шақ шынайы ересектік жасқа өту уақыты, оның алғашқы белгілері, жеткіншектік шақта көрініс табады. Алайда жасөспірімдерді толық ересектер

деп атауға болмайды, себебі олардың бойында балалық шақтың белгілері әлі сақталған. Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның адамгершілік тұрақтылығы артатындығы дәріптелген.

Жасөспірімдік кезеңде, дәстүрлі оқуға байланысты адамгершілік өзіндік сана дамитындығы анықталған. Л.Колберг бойынша бұл кезең моральдың жаңа деңгейіне өтуімен сипатталады, яғни *конвенциональды* деп аталады.

Ғылымда жасөспірім кезеңін дамуына байланысты үш негізгі бағытқа бөлінеді: *биогенетикалық, социогенетикалық, психогенетикалық*. Биологиялық теорияның негізін салушы американдық психолог С. Холл онтогенездегі филогенетикалық стадияның қайталануы, даму психологиясының басты заңы деп қарастырды. Көптеген зерттеулерде биогенетикалық бағыттың таза теориясын басқа да жағдайлармен байланыстырады. Ал, А.Гезелл концепциясында этаптар мен тенденциялардың дамуына мәдениет себепкер болмайтындығын, тек қана оны жаңартатындығын және жүйелейтіндігін тұжырымдайды.

А. Гезелл зерттеуінде 11 мен 21 жас аралығындағы дамуға мән береді, себебі әр жастағы жаңаны меңгерудегі маңыздылығына тоқталады. Ал 15 жас А. Гезеллдің айтуынша жасөспірімнің индивидуалды айырмашылығының артуымен ерекшеленеді. Бұл жастың жаңаны меңгеруі бұл тәуелсіздікке ұмтылу, осыған байланысты жеткіншектің жанұядағы, мектептегі қатынасы бұзылады, алайда ішкі бақылаудан құтылуға ұмтылу, өзіндік бақылаудың және өзін саналы тәрбиелеудің бастамасының дамуына негіз болады. Жеткіншекте осы кезеңде өте сезімталдық орын алады. Ал бұл жаста жасөспірімнің ішкі дербестігі арта бастайды, эмоция тұрақталады, қарым-қатынасқа тез түседі, болашаққа бағыт бағдар жасайды [3, 78 б.].

Социогенетикалық бағыт дамудың әлеуметтену үдерісінің, әлеуметтік факторларымен акцентуацияланады. К. Левин теориясында адамның мінез-құлқы бір мезгілде тұлғаның және оның ортасының функциясы ретінде қарастырады, осыған орай жасөспірім мәселелерін қоршаған орта факторларымен байланыстырып дәйектейді.

Ғылымда психогенетикалық бағыт психологиялық үдерістің өзіндік талдауымен байланысты, осыған сәйкес үш бағытты бөліп талдайды: З. Фрейд және Э. Эриксон теориялары психодинамикалық бағытқа негізделген, Э. Шпрангер, Ш. Бюлер персонологиялық бағытпен байланыстырады, Ж. Пиаже, Л. Кольберг когнитивтік бағдарлау бағыттарын қарастырады.

Өмір жолындағы басқа да кезеңдер сияқты, жасөспірімдік кезеңдегі маңызды теориялық-методологиялық негізі, комплекстік меңгеру Л.С. Выготский есімімен байланысты. Адамның индивид және тұлға ретінде қалыптасуы, *табиғи және әлеуметтік дамудың диалектикалық өзара* байланыстылығын көрсетеді. Физикалық жетілу үдерісіне-табиғи даму, ал әлеуметтік даму - әлеуметтену үдерісі деп анықталды.

А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин зерттеуінде жетекші іс-әрекет типі, психологиялық жас кезеңдерге байланысты өзгеруінің маңыздылығын негізге алады. Жасөспірімдік кезеңде *оқу-кәсіби* іс-әрекеті жетекші болып табылады.

Д.Б. Эльконин еңбегінде 11-17 жас аралығындағы жетілу кезеңін 2 фазаға бөледі, бірінші 11-15 жас кіші мектеп оқушылары, яғни жеткіншектерге қатысты. Мұнда жеткіншек әржақты қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Ал 15-17 жас жасөспірімдердің ең басты оқу-кәсіби іс-әрекетінің арқасында жасөспірімнің танымдық-кәсіби қызығушылықтары артады. Эмоция мен психосексуалды даму жағдайына байланысты анықталады.

К. Юнг зерттеуі бойынша жасөспірімдік кезең дағдарыс кезеңі деп дәйектеледі. Шынайы өмірдің талаптарына жасөспірім қатынасының сай келмеуіне байланысты деп түсіндіреді.

Л.И. Божович теориясында мектеп оқушылар арасынан, жасөспірімдерді бөліп қарастырған. Ғалым тұлғаның мотивациялық сферасының дамуын дәйектеген. Жасөспірімнің өмірдегі орнын табуы және ішкі позициясын анықтау, әлемдік көзқарасын,

моральдық сана және өзіндік сананы қалыптастырумен байланысты тұжырымдалады. Жасөспірімдік кезеңге өтуге байланысты, фактілік дипазонының кеңейетіндігі анықталды. Осыған сәйкес нормативті міндетті әлеуметтік рөлмен байланысты болатындығы нақтыланады. Бұл кезеңде жасөспірімнің өмірдегі іс-әрекеті артта түседі. Жасөспірімдік кезең белсенді *өмірлік позициясының* қалыптасуымен, өзіндік анықтаумен, өзінің мәнділігін сезінумен байланысты қарастырылады [4, 48].

М.Ю. Красовицкий еңбектерінде жасөспірім – барлық қатынас жағынан ересек адам деп дәйектеледі, бірақ оларды толық жетілген ересек адам деп айту мүмкін еместігі нақтыланады. Осыған сәйкес нақты, жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүретіндігі түсіндіріледі. Сондықтан мектеп пен ата-аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу- танымдық және қоғамдық-саяси іс-әрекеттерге, жанұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде маңыздылығын толымды анықтайды.

Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жанақұрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылатындығын дәйектейді. Өзіндік тұлғасына деген қызығушылықтың артуы, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік рефлексиясының қарқынды дамуымен байланысты. Яғни, өзін-өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктерін білуге талпынысы жоғары болады. «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» - деген сұрақтарға жасөспірімдер жауап іздейді, олар үшін мұндай сұрақтар өзекті болып табылады [5, 32 б.]. Сондықтан жасөспірімдік кезеңде тұлғалық даму ерекшеліктері айрықша өзекті болып табылады.

Э. Штерн жасөспірімдік кезеңді тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырды. Ғалымның ойынша психологияның қай бағыты болмасын, барлығының ортақ мәселесі, ол тұлғаның мәселесі болу керек. Өтпелі кезең тек қана ой мен сезімдерден талпыныс пен идеялдардан ғана емес, сонымен қатар әрекеттің ерекше бейнесімен сипатталу қажетігіне тоқталады.

Жасөспірім кезеңнің негізгі ерекшелігі – дамудың барлық жақтарын өзгерту болып табылады. Осы кезеңде адамның өз беттілігі өмірге деген дайындығымен анықталады. Мұнда жасөспірімнің дүниетанымы, кәсіби іс-әрекетті таңдауы және тұлғаның азаматтылық маңыздылығын нақтылау аяқталады. Факторлар әсерінен тұлғаның қоршаған адамдармен қатынас жүйесі және өзіне деген қатынасы өзгертіндігі анықталды. Осы әлеуметтік позицияның әсерінен оның қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, оқуға деген қатынасы өзгереді. Белгілі бір болашақ мамандыққа деген көз-қарас қалыптаса бастайды.

Жасөспірімнің жеке көзқарасы дамиды, үнемі өзінің жетістіктерін көрсетуге, кемшіліктерін байқатпауға тырысады. Құрдастарының арасында болуға деген ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздеуге әкеледі. Бұл кезде идентификация туындайды.

Жасөспірім тұлғасының индивидуалды дамуы мен қалыптасуы бірінші кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адамның психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі.

В.С. Мухина теориясы бойынша жасөспірім шақпен, ересек жас арасындағы онтогенетикалық нақтыланған адам өмірінің кезеңі деп анықталады. Бұл кезеңде жасөспірім тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Адамның қашанда болмасын онтогенетикалық күрделі жолдан өтуімен ерекшеленеді. Осыған сәйкес тұлғаның әлеуметтік мәнді қасиеті, уайымдауы, ортақтасуға қабілеттілігі дамидындағы дәйектеледі. Өзіне, қоғамға,

табиғатқа адамгершілік қатынасы дамитындығы тұжырымдалады. Сондай-ақ жасөспірім конвенциялық рөлді, норманы, қоғамдағы тәртіп ережелерін т.б. қасиеттерді меңгеруімен анықталады. Осы шақта идентификация даму механизімі қалыптасатындығы нақтыланады [6,56].

Жасөспірімдік кезеңде жасөспірімнің *тұлғалық мәнді қатынастың артуымен* ерекшеленеді. Бұл қатынастар эмоционалды сезімдерге толы болады, бұл моральды адамгершілік сезім, эмпатия, достыққа, махаббатқа, әріптестікке ұмтылу, саяси, діни сезімдер және т.б. айтуға болады. Бұл кезеңдегі эмоционалдылықтың дамуы адамның индивидуалды-тұлғалық қасиеттерімен, өзіндік санамен, өзіндік бағалаумен және т.б. тығыз байланысты.

Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық жаңақұрылым, *тұрақты өзіндік сананың және стабильді «Мен» бейнесінің* қалыптасуына байланысты болатындығы нақтыланған. Мұндай өзгерістер тұлғалық бақылаудың күшеюмен, өзіндік басқару, интеллектінің жаңа стадиясының дамуымен ерекшеленеді. Осы кезеңде жасөспірім *өзінің ішкі әлемін ашады, ересектерден эмансипацияланады.*

Бұл кезеңдегі жас ерекшелік даму басқаны қабылдау *өзіндік қабылдау, өзіндік тануға* қатысты болады. Жасөспірім *басқаларға ұқсамайтын, өзіндік индивидуальды тенденциясын* айрықша бағалайды. Жасөспірімде өзіндік тұлғалық модель қалыптасады, осыған байланысты өзіне және басқаларға деген қатынасын анықтайды.

Жасөспірімнің «Мен» қасиетінің ашылуы, уникальды ішкі әлемі, көбінде психодрамалық уайымдаумен байланысты болады. Мысалы, өзінің тұлға құндылықтарының қайталанбайтыны, басқаларға ұқсамайтындығын сезіне отырып, сонда да *жалғыздық сезімі* пайда болады. Жасөспірімдік «Мен» әліде тұрақты емес, диффузды, әсерленгіш болып келеді.

Т.В. Снегирова «Мен» құрылымының уақытша құндылық типінің алты түрін анықтайды, жасөспірімдік кезеңдегі тұлғалық өзіндік анықтаудың индивидуалды жан-жақтылығын және «Мен» тұжырымын өткен, қазіргі және келешектің сәйкестігіне байланысты болатындығы нақтыланады.

Өзіндік сана жасөспірімнің үш маңызды жас ерекшелік кезімен акцентуация жасалады: 1) физикалық өсу және жыныстық жетілу; 2) жасөспірім басқалардың өзін қалай бағалайтындығына мазасызданады; 3) қоғам талабына, біліміне, индивидуальды айырмашылығына қарай, өзінің кәсіби қабілетін табуға ұмтылатындығы тұжырымдалады. Жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік анықтау, тұлғаның тұрақталуы *дүниетанудың* дамуымен байланысты.

А.В. Петровский зерттеуінде жасөспірімдік кезеңде оқуға саналы қатынас пайда болатындығын атап көрсетеді.

Жасөспірім оқытушылармен қатынаста, интеллектуалды деңгейдегі қатынасты жоғары бағалайды. Жеткіншектер оқытушылардың кәсіби педагогикалық сапасын бағалағанда, бірінші орынға адамгершілік қасиеттерін қойса (эмоционалдық қолдау, түсіне білу және т.б.), екінші орынға кәсіби құзіреттілігін, білім деңгейін, оқыту сапасын, үшінші орынға әділетті басқара алушылықты қояды. Ал жасөспірімдер оқытушының кәсіби-педагогикалық қасиеттерін бірінші кезекке қояды. Екінші кезекке бұрынғыдай адамгершілік қасиеттерді қояды, сонымен қатар өзіне ұнайтын, оқытушыларының эмпатия деңгейін жоғары бағалайды. Бұл қысқа кезеңде жасөспірім өмірлік жоспарын жүзеге асыруға тырысады, ол кәсіби өзіндік және тұлғалық немесе моралдық өзіндік анықтаумен байланысты.

Жасөспірім кезеңде кәсіби және тұлғалық *өзіндік анықтау* негізгі жаңақұрылым болып анықталады. Осыған сәйкес жаңа ішкі позиция, қоғамда өзін мүше ретінде сезіну, ондағы орнын қабылдау деп тұжырымдалады.

И.В. Дубровина зерттеуі бойынша жоғары сынып оқушысында әзірше өзінің жоспары мен мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес болса, ал жасөспірімдік кезеңде нақты коррективтік жасау жағдайы болады. Жеткіншектерде жаңақұрылымды меңгеру, бұл тек өзіндік анықтау емес, оған психологиялық даярлықты да айтуға болатындығын ескереді.

Жасөспірім қазіргі кездегі өміріне қанағаттанса ғана, онда келешекке ұмтылыс тұлғалық дамуға жағымды әсер етеді. Ал жағымды жағдайдағы жасөспірім келешекте қазіргі жағдайдан да жақсы болатынына сенімді. Бұл жас стадиясы келешек мамандық таңдаумен байланысты болғандықтан, жасөспірім үшін маңызды кезең болып табылады. Жасөспірімнің келешек мамандық таңдауына қандайда бір жағдайлар, әлеуметтік, моралдық және құқықтық көзқарастар, қызығушылықтар, өзіндік бағалау, қабілет және т.б. түрткі болады. Жасөспірім өз мүмкіндігін жоғары бағалайды. Оның референтті топтары да мектеп қабырғасынан тыс гимназия, колледждерде болады.

Ал студенттер үшін жоғары оқу орнында оқу жылдары – олардың өмірлерінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл – білімді жетілдіру, кәсіби мамандықты алу, өзінің армандарын, мүмкіндіктерін дамыту кезеңі деп анықталады. Кәсіби өзін-өзі танудың маңызды жағы – экономикалық және әлеуметтік жағынан жасөспірімдердің мамандықтары және еңбек функциялары өзара сәйкес болуы қажет.

Мұндай зерттеу студенттің сапалары мен қабілеттерін, оның жастық және тұлғалық ерекшеліктерін дамытумен дәйектеледі. Мәселен, егер студентті белгілі бір жастағы адам деп қарастырсақ, онда жасөспірім басқа жас кезеңімен салыстырғанда, есте сақтауының жоғарлығымен, зейінінің ауысуының жылдамдығымен, вербальды-логикалық есептерді тез шешуімен ерекшеленеді. Сонымен, студенттік жасты өткен кезеңдермен салыстырғанда, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік дамуында ең жоғарғы нәтижелерге жетуімен сипаттауға болады. Студенттік кезең адамгершілік және эстетикалық сезімдердің дамуының, мінезінің қалыптасу кезеңі деп дәйектеледі. Бұл кезеңдегі негізгі ерекшелік ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің барлық жиынтығын (азаматтық, кәсіби, еңбек және т.б.) меңгеру болып табылады. Осы кезде экономикалық белсенділік, яғни адамның өзіндік өндірістік қызметке қатысуы, еңбек биографиясының басталуы, өз жанұясын құрумен ерекшеленеді. Бұл кезде бір жағынан, кәсіпкерлікке байланысты арнайы қабілеттердің қарқынды дамуы, екінші жағынан, мінезінің және интеллектінің қалыптасуының ерекше кезеңі ретінде сипатталады. Бұл кезең – спорттық рекордтардың, көркем, техникалық және ғылыми жетістіктердің кезеңі.

Студенттік кезде интеллектуалды және физикалық ерекшеліктер көбі өз дамуының оптимумына жетеді. Алайда, олардың арасында көптеген қайшылықтар кездеседі.

Жоғары оқу орнында оқу кезеңі жастық шақтың екінші кезеңі мен ер жетудің бірінші кезеңімен сәйкес келеді. Бұл кезде дамудың өзіндік ерекшелігі – мінездің саналы мотивтерінің дамуы байқалады. Жоғарғы сыныптарда байқалмаған сапалар дамиды. Олай болса жасөспірімнің бағыттылығы, батылдығы, жігерлігі, дербестігі, инициативасы, өзін-өзі басқаруы қарқынды дамиды. Моралды мәселелерге қызығушылығы артатындығымен (мақсаттары, өмір салты, борышы, сенімділігі т.б.) ерекшеленеді.

С.И. Самыгин, В.И. Столорянко зерттеулерінде 17-19 жаста адамның өз қылықтарын саналы реттеуі әлі де толық дамып жетілмегендігі, көп жағдайда дәлелсіз тәуекелге бел буатындығын және өз қылықтарының салдарын болжай алмау байқалатындығын дәйектейді.

Жасөспірімдік кезеңде *өзіндік сыйлау* ең негізгі психологиялық ерекшеліктердің бірі болып табылады. Американдық психолог Морис Розенберг 15-18 жастағы 5 мыңға тарта, жоғары сынып оқушыларын зерттеу барысында, өзін-өзі сыйлауы төмен, жастарда «Мен» бейнесінің тұрақсыздығы тән екендігін анықтайды. Олар қоршаған адамдардан қорғанып, реалды бейнесін көрсетпейді, деген қорытындыға келді. Өзін-өзі сыйлауы

төмен жасөспірімде өздерінің бағалауына қатысты жағдайлардың барлығына өте сезімтал болады. Жасөспірімдер сын, қалжың мен ұялу жағдайын басынан кешіргенде, уайымдап, күйзеледі. Олар өзі туралы жаман бағаға қатты алаңдайды. Жасөспірім жұмысын орындай алмағанда немесе өзіне қатысты кемшілікті көргенде осыған мазасызданады, уайымдайды. Сондықтан жасөспірімдердің көпшілігінде тайынбаушылық, психикалық изоляцияға бейімділігі, армандарға берілу тән болады.

Э. Шпрангер еңбегінде студенттік кезеңнің мәдени-психологиялық концепциясын жасап тұжырымдады. Э. Шпрангер бойынша студенттік кезең мәдениет деңгейінің өсу жасы болып табылады. Ол психикалық даму жеке даралық психиканың, осы кезеңде объективті және нормативті рухқа өсуі деп жазады.

Ст. Холл, Э. Шпрангер айтқан тұжырымдарын талқылай келе, студенттің даму деңгейінің үш типін бөліп көрсетеді:

1. Өткір ашулы кризистік уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым – қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады.

2. Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Ересектік өмірге өзінің жеке тұлғасында ешқандай өзгеріс енгізбей жай басумен сипатталады.

3. Студенттік белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін - өзі дамытады. Өзінің ерік-жігерінің күшімен ішкі кризистерімен мазасыздығын жеңеді, бұл өзіндік бақылау мен өзіндік мінез-құлқы жоғары деңгейдегі адамға тән болып табылады. Бұл жастағы ең басты жаңақұрылым –

Э. Шпрангер бойынша, «өзіндік менінің» ашылуы рефлексияның пайда болуы; өзінің жеке даралығын саналы түрде түсінуі, тұлғаның өзіндік анықталуы деп дәйектеледі.

Психологияның ең негізгі міндеті «тұлғаның ішкі әлемін тану» деген қағиданы ескерсек, оның мәдениетпен және тарихпен тығыз байланысты екенін айтып кеткен жөн болар.

Әлеуметтік дамыған тұлғаны тек қоғамда қабылданған нормаларды ұстанумен ғана емес, сонымен қоса белгілі бір топтарға, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға бағытталғанымен ерекшеленеді. Құндылықтар объект жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға – бұл өзіне нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалауымен анықталады. Өз мүмкіндіктерін ашу процесі болып табылады. Осыған сәйкес қоғам, топ талаптарын саналы бағалау, ұжым шеңберінде белсенді іс-әрекет жасай бастайды. Сондықтан өзіндік анықталған тұлғаның көрсеткіші ретінде тек субъектіні қабылдау әлеуметтік маңызды іс-әрекет жасауға даярлықтың, қатынасты жаңғыртуға ғана емес, сонымен қоса шынайы іс-әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Э. Шпрангер, өзіндік – сана сезімді, құнды бағыт бағдарлықты жасөспірім дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санады.

Бұл жаста алғашқы достық және махаббат сезімдері пайда болады. Бозбала мен бойжеткен қыздар арасындағы сырласқан эмоциялық қатынастардың пайда болу кезеңі деп анықталады. Бойжеткен қыздарда, бозбалаға қарағанда бұл құбылыс ерте басталады. Жасөспірімде сенімділік, бауыр басу қасиеттері, жақын адамның тағдырына жауапкершілік сезімі дамиды. Жалпы адамгершілік қасиеттермен қатар, олар «қандай болу керек?» деген сұраққа өзінше жауап береді.

А.Р. Ерментаева еңбегінде тұлға іс-әрекетпен толыққанды аңғарылмайды. Ол адами, ізгіліктік мазмұнға басқалармен тек қарым-қатынас жасау арқылы ие болатындығын анықтайды. Сонымен қатар студент тұлғасы қарым-қатынас нәтижесі болып табылады деп дәйектейді [7]. Сондықтан біз өз зерттеуімізде осы тұжырымды негізге аламыз.

Жасөспірімдер құрбылармен қарым-қатынасы арқылы мәселелерін шеше алады. Ол

арнайы ақпараттың маңызды көзі (қандайда бір себептерге байланысты үлкендерден сұрауға ұят немесе сұрауға болмайтын), іс-әрекетін және өзара тұлғалық қатынастың арнайы түрі (статус пен рөлдерді, қарым-қатынастың коммуникативті дағдыларын, стилін меңгеру), эмоционалды қатынас (топтағы орнын табу, дербестік, эмоционалды үйлесімділік және тұрақтылық) болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. / А.Р. Ерментаева – Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2007. – 404 б.
2. Немов Р.С. Психология. – 4-е изд. – Кн.2. Психология образования. / Р.С. Немов. – Москва: Владос, 2000. – 606 с.
3. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. Учебное пособие для студентов вузов. / Е.Е. Сапогова – Москва: Аспект Пресс, 2005.- 206 с.
4. Божович Л.И. Проблемы формирования личности / Л.И. Божович; Под ред. Д.И. Фельдштейна. – Москва: Изд-во ин-та практ. психологии, 1995. – 352 с.
5. Обухова Л.Ф. Детская психология: теория, факты, проблемы / Л.Ф. Обухова. – Москва: 1995. – 264 с.
6. Мухина В.С. Возрастная психология. Хрестоматия / В.К. Мухина. – Москва: 1999. – 384 с.
7. Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. / А.Р. Ерментаева // Монография. Өскемен. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007.- 203 б.

А.Р. Ерментаева, Ж.Қ. Аубакирова, Ж.С. Майлыбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Развитие личности в студенческом возрасте

Аннотация. В статье рассматриваются особенности личностного развития студентов в студенческом возрасте. Определены и изложены определения и сущность, методологические основы и теории, показатели и критерии личностного развития в психологических науках. Проанализированы основные условия психологического развития студентов – сущность и содержание, структура и характер личностной деятельности, психологические закономерности и механизмы. Рассмотрены теоретические основы личности и его сущность, а также факторы, влияющие на развитие личности. Проведен анализ литературы педагогов-психологов.

В связи с возрастными особенностями студентов были рассмотрены сферы личностного, когнитивного, аффективного развития. Также представлены знания об определении, структуре и специфике учебно-профессиональной деятельности, главным условием которых является целостная система. В данной статье личностная подготовка студентов сформулирована как основа реализации, совершенствования учебно-профессиональной деятельности, психического и личностного развития.

Ключевые слова: студенческий возраст, личность, сензитивный период, биогенетика, социогенетика, психогенетика

A. R. Yermentayeva, Zh. K. Aubakirova, Zh. C. Mailybayeva
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Development of personality in the student age

Abstract. The article deals with the features of personal development of students at student age. the definition and the essence of the methodological framework and theory, indicators and criteria to personal development in psychological Sciences are defined and described. The basic conditions of psychological development of students – the essence and content, structure and nature of personal activity, psychological patterns and mechanisms are analyzed. The article deals with the theoretical foundations of personality, essence, and influence on the development of personality. The analysis of the literature of teachers-psychologists is carried out.

In connection with the age characteristics of the students, areas of personal, cognitive, affective development were considered. Knowledge about the definition, structure and specificity of educational and professional activities, the main condition of which is an integrated system, was also described. In this article, personal training of students is formulated as the basis for the implementation, improvement of educational and professional activities, mental and personal development.

Keywords: student age, personality, sensitive period, biogenetics, sociogenetics, psychogenetics.

References

1. Yermentayeva A. R. Studentterdi psihologijalyk dajyndaudyn negizderi [Fundamentals of psychological training of students] (Publishing house of East Kazakhstan state University, Ust - Kamenogorsk, 2007. - 404 P.)
2. Nемов R. S. Psihologija [Psychology] Psihologija obrazovaniya [Psychology of education] 4th edition, book 2 (Vlados, Moscow, 2000, 606 p.).
3. Sapogova E. E. Psihologija razvitija cheloveka [Psychology of human development]. Textbook for University students (Aspect Press, Moscow, 2005, 206 p.).
4. Bozovic L. I. Problemy formirovaniya lichnosti [Problems of identity formation]; ed. by D. I. Feldstein (Publishing house of practical institute psychology, Moscow, 1995, 352 p.).
5. Obukhova L. F. Detskaja psihologija: teorija, fakty, problemy [Child psychology: theory, facts, problem] (Moscow, 1995, 264 p.).
6. Mukhina V. S. Vozrastnaja psihologija [Age psychology]. Anthology (Moscow, 1999, 384 p.).
7. Yermentayeva A. R. Studentterdi psihologijalyk dajyndaudyn negizderi [Fundamentals of psychological training of students]. Monograph (Publishing house of East Kazakhstan state University im. January, Astana, 2007, 203 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Ерментаяева А. Р. – психология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Аубакирова Ж. Қ. – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Майлыбаева Ж. С. – психология ғылымдарының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Yermentayeva A. R. - Doctor of Psychology, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Aubakirova Zh. K. - Candidate of Psychology, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Mailybayeva Zh. S. – Master degree Student of Psychology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkeevich str.,6, Nur-Sultan, Kazakhstan.